чили гранты акима области на открытие собственного дела. Среди них Сергей Рыбаков, получивший 100 тысяч тенге на расширение общественной бани, которая в настоящий момент уже функционирует. Сто тысяч получил и Бейсекеев Сабит, выпекающий лепешки лаваш и реализующий их не только среди земляков, но и в районном центре. Баймагамбетов Манас получил 120 тысяч тенге, который уже закупил деревообрабатывающий станок и другой инвентарь, чтобы заниматься строительством и ремонтом жилья.

Мы в тесном контакте работаем с отделом внутренней политики района, молодежным крылом «Жас Отан». Кстати, один из учителей нашей школы Ханнанов Рустем стал обладателем республиканской премии «Жастар» в номинации «Молодой преподаватель». Этой премии удостоены всего 19 человек по республике, а потому это большая честь для нашей школы и села.

Приятно слышать о том, какая работа у нас ведется с молодежью, особенно в вопросах трудоустройства и закрепления их на селе.

В.Туляков, село им. К.Мынбаева

**Тұрғындар назарына!**

«Қазақтелеком» АҚ «жеке тұлғалар» санатындағы абоненттерге есептеулердің сомалары туралы ақпаратты ұсыну бойынша клиенттермен өзара іс-қимыл жасау арналарын кеңейту мақсатында 2010 жылдың қаңтар айынан шоттардың қосымша нысаны - абонент кітапшалары енгізіледі.

Абоненттік кітапшаларын енгізу шоттарды жеткізудің географиясын кеңейтуді және «жеке тұлға» санатындағы абоненттерге қызмет көрсету саласын жақсартуға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта аудан орталықтарының және төмен орналасқан абоненттерге шоттарды жеткізу үшін бір бөлігіне ғана жүзеге асырылады (ауылды елді мекендерде жеткізу пайызы одан төмен), ал алыстанған елді мекендерге кешелер атауларының, үйлер нөмірлерінің және т.б. жоқ болуынан жүзеге асырылмайды.

Енді кітапшаларын алатын абоненттер «160» қоңырау соғу телефонның «Шоттың балансы» туралы ақпарат» қызметін пайдалану арқылы өз берешегін сұрастырып, СЖО «Қазпошта»; АҚ ПББ немесе екінші деңгейдегі банкіде керсетілген байланыс қызметтері үшін өз бетімен ақы төлей алады.

Абонент кітапшасы үш жылға арналған, беттердің ең аз мөлшері 40 бет (түбіртектер 37 бет + 2 бет анықтама сипаттағы ақпараты бар мұқаба + 1 бет толтыру үлгісі).

Ал телекоммуникация қызметінің халықаралық және қалааралық сөйлесулер расшифровкасын аса құпия болғандықтан абонент немесе телефон иесі болып табылмайтын тұлғаның алу құқысы жоқ. Сондықтан расшифровканы келесі жағдайларда:

- телефон иесінің жеке басын куәлендіретін құжаты болған жағдайда Қарағанды ОТД кез-келген сервис-бюросынан алуға;
- жеке шоты бойынша <https://www.telecom.kz> корпоративтік порталында толық ақпаратты халықаралық және қалааралық сөйлесулер расшифровкасымен қадағалауға;
- ақпараттық дүңгіршіктерден алуға болатынын мәлімдеміз.

Қосымша ақпаратты келесі келесі мекен-жай бойынша біле аласыздар: Киевка к., Қонаев к., 29 үй немесе 8 (72144) 21051 телефонның бойынша.

**Вниманию населения!**

АО «Қазақтелеком» в целях оптимизации расширения каналов взаимодействия с клиентами по предоставлению информации о суммах начислений с 01 января 2010 года вводит форму счетов – абонентские книжки.

Введение абонентских книжек позволит расширить географию доставки счетов и улучшить качество обслуживания абонентов категории «физические лица». Так, в настоящее время доставка счетов осуществляется только одной трети абонентов районных центров и ниже (процент доставки в сельских населенных пунктах еще ниже), а в отдаленных сельских населенных пунктах доставка не осуществляется из-за отсутствия названия улиц, номеров домов и т.д.

Теперь абоненты, получившие абонентские книжки могут самостоятельно, узнав свою задолженность по телефону дозвона «160», воспользовавшись услугой «Информация о балансе счета», оплатить за оказанные услуги связи в ПСС, РУПС АО «Казпочта» или в банках второго уровня.

Абонентская книжка рассчитана на три года, минимальное количество страниц составляет 40 страниц (37 листов квитанций + 2 листа-обложки с информацией справочного характера + 1 лист – образец заполнения).

Но вместе с тем, получение расшифровок международных и междугородних разговоров конфиденциально. Лица, не являющимся абонентами или хозяином телефона не имеет право получить расшифровку. Поэтому Абонент может получить расшифровку следующим образом:

- в любом сервис-бюро Карагандинского ОДТ при наличии документа удостоверяющего хозяина телефона;
- получить полную информацию о состоянии счета с расшифровкой в корпоративном портале <https://www.telecom.kz>;
- через сеть информационных киосков.

Дополнительную информацию вы можете получить по следующему адресу: п. Киевка, ул.Кунаева,д. 29 либо телефону 8 (72144) 21051

Береке бесігі

Арқада бір үлкен дау болады. Қызыл кеңірдек сөз сайысы елде неше күнге созылады. Себебі даудың бір жағын қуып келген Келбай деген сыңар өзүленіп, түзу сөзді қисайта береді. Қисынға тоқтамай, айғақты пікірге айылын жимай, таласа береді. Билер алқасы мәмлеге келе алмайды. Сөйтпестен отырып, амалдары таусылып, дағдарып отырғанда, дау үстіне тілмарлығымен, қара қылды қақ жарған әділдігімен әйгілі Бертис би келеді.

Ілік-тартыстан әбден қажыған екі жақ Бертиске: «Би, сіз ақыл қоспайсыз ба?» - дегенде, Бертис би былай депті:

Қызыл тілде сүйек жоқ, жалтыр келде құрақ жоқ. Әділетті еске алмай, сылдыр сөзде тұрақ жоқ. Әулетті ойламай, құрғақ сөзбен көп-көп елде бірлік жоқ. Мен сіздерге не айтайын, әркім өз көргенін айтады. Шаштаразбен сөйлессең, ұстарасы мен қайрағын айтады. Жылқышыға жолықсаң, жүйрігі мен жорғасын айтады. Түйешіге жолықсаң, өркеші биік тайлағын айтады. Сыыршыға жолықсаң, шелектегі қаймағын айтады. Қойшыға жолықсаң, қазан-қазан майын айтады. Жақсыменен сөйлессең, көңілді ашар ойдағыны айтады. Жаманменен сөйлессең, қайдағы жайдағыны айтады. Амалың қанша ондайда, көңіл жүдеп, бетің қайтады. Ел болып ақылдасып, билікті елдің бірлігін ойлайтын биге берсең, ағайынның бірлігі сақталады. Ағайында бірлік болса, береке бар. Береке басы ынтымақ.

«Шалқар» газеті №39, 18-қазан, 1991 жыл.

Саршуаш би мен Жәнібек батыр

Ерте заманда Найман елі мен Керей елі жерге таласып, Керейлер найманнан барымталап 50-60 жылқы алып кетіпті. Келесі жылы Наймандар қарымтамасын қайтарамыз деп жиналып Саршуашбимен ақылдасыпты. Би алдымен өзім барып Жәнібекпен тілдесейін деп көпшілік халықтың ризашылығын алып, батыр ауылына келіп түсіпті. Саршуаш би көріксіз жалаң ерін сары екен. Үйде жайланып отырған соң Жәнібек:

- Сен кемсең ауыз, жарғақ құлақ,  
Жылқыға суат болмас ылай бұлақ,  
Астыңа ала шолақ ат берсе,  
Алтай мініп арықтатпассың,  
Қолына қырық кез оқ берсе,  
Дұшпаныңа беріп атып дарытпассың.

Менің дауысым қаздауысты Қазбекке тартқан. Сүйегім Шақшақ Жәнібекке тартқан, - депті. Саршуаш би:

Олай болса сен де құдайдың құлы екенсің, Керейден мойның асып тұр екенсің. Дауысың қаздауысты Қазбекке тартса, Сүйегім Шақшақ Жәнібекке тартса, Жарайсың, - олай болса, өзіміздің Арғын атаның ұлы екенсің, дегенде, Жәнібек «Сөз тапқанға қолқа жоқ» деп тоқтап, Керейлердің барымталанған малын қайтарып, ат мінгізіпті. «Шалқар» газеті, №44, 29-қараша 1991 ж.

Мүрсәлімнің қалжыны

Мүрсәлім Бектенов деген елге әйгілі адам болған. Өз елі - Баспан - базар жерінде болыс болып тұрғанда, патша өкіметінің қазақтан әскер алу туралы 1916 жылғы жарлығына ашық қарсы шыққан адам. Өз болысынан әскерге адам бермейміз деп жарлықты орындаудан бас тартқан. Сол Мүрсәлім ақын да болған. «1916 жыл туралы» деген дастаны да баспасөзде жарияланып тұр.

Сол елде Мүрсәліммен құрдас Демесін деген болған. Демесіннің бір жағымсыз әдеті қай-қайдағы дауға араласа кетеді екен. Тіпті, біреудің дауын даулап келу үшін иесінен сұрап алатын көрінеді.

Бірде іргелес Сыбан еліне бір жылқының жоғалған дауымен баратын болыпты. Сол жылқыға түстеме қағаз алайын деп Мүрсәлім болысқа көліпті. Мүрсәлім: «Өз қолыммен жазып берейін» - деп жылқының түсін-түрін сұрап отырып жазып, қағаздың аяғына болыстың мөріні басып қойыпты. Демесін ол қағазды қалтасына салып алыпты. Оқын десе хат тайымайды. Сонымен Сыбан еліне барып бір үйде отырып: «Жоғалған жылқы осы сендерде» - деп қызыл кеңірдек дауға кірісіпті. Аналар да Демесіннің дауына бой бермейді.

Осы тұста Демесін: «жылқының түсі-түрін көрсеткен, мөр басқан қағазда бар» - деп, төс қалтасынан баяғы қағазды алып, көрсетеді. Ауыл адамдарынан 3-4 жігіт орындарынан тұрып, Демесінге: «жүріңіз, шаруаңызды орындаймыз» - депті. Демесінді ертіп апарып, бір қой қораға кіргізіп, үстіндегі киімдерін шешіп алып, қораның ішіндегі тіреуге таңып тастапты. «Бұлардың қалай?» десе, аналар: «Болысыңның айтқаны солай», - депті. Сөйтсе, Мүрсәлімнің қағазға жазғаны былай екен.

Сұрасаң мұның аты Демен қасқа,  
Дәукес жоқ бұл өлкеде бұдан басқа  
Үстіндегі киімін шешіп алып,  
Қой қораның түбіне байлап таста.

Жылқы даулап әкелгенді қойып, Демесін өзі әрең құтылып қайтыпты. Содан кейін Демесін қисынсыз дауға кіріскенді мүлде қойған екен.

«Шалқар» газеті, 13 желтоқсан, 1991 ж. №46.

Арапша әрпінен дайындаған Б.НҰРҒАЛИҰЛЫ.

Благотворительность

Самая добрая традиция

Вот и погасли разноцветные новогодние огни, фейерверки. Отшумел праздник. Кто верил и ждал чуда от этого дня - еще раз убедился, что все задуманное рано или поздно сбывается, главное этого очень сильно захотеть. Так думаем даже мы, взрослые, а уж дети уверены в этом абсолютно.

Настоящее чудо дарят малышам-школярам уже второй год крестьянские хозяйства села Заречное «Садовенко» и «Шортанов». Вот и в канун этого Нового года почтальон Печкин (Ж.Данилов) принес в школу посылку от Юрия Ивановича Садовенко и Ержана Шортанова, которые несмотря ни на что находят средства, чтобы организовать детям настоящий праздник. В посылке для каждого ребенка двух третьих классов был подарок - очень красивая мягкая игрушка. Наши дети были очень рады этому лохматому маленькому другу, а их благодарности не было предела.

Нам, родителям и учителям, тоже очень приятно, что среди нас живут такие замечательные, щедрые и бескорыстные люди, думающие о детях. Спасибо им огромное. Пусть не только в Новый год и не только у детей сбываются заветные желания. Мечтайте о чуде, и оно к вам придет однажды.

В.Кривопляс, Е.Щурова, М.Жармагамбетова и др.



«Жақсының жақсылығын айт, ері тасысын» дегендей, қолыма қалам алып, ерекше мақтаныш сезімімен жараспайлық жайсаң жігіт Бахтияр жайлы әңгіме қозғасам деймін. Панар Бахтияр Маралұлы 1987 жылы 15-желтоқсанда дүниеге келген. Ауылдағы балабақшаға барып, бала болып, балғын үнімен ән айтып, көптеген мерекелік концерттерге қатысып ез қатарластарының арасынан ерекшеленіп өсті. Бахтияр - отбасының тұңғышы. Әкесі Ногаев Марал Панарұлы Жараспай ауылында электрмен дәнекерлеуші болып еңбек етеді. Анасы Жұмабекова Гүлбаршын Әбілқасымқызы Жараспай орта мектебіндегі «Үміткер» ұйымының жетекшісі, төлімгер ұстаз болып жас жеткіншектерді тәрбиелеуде. Қарындасы Ақбаян Қарағандыдағы «Болашақ» университетінің студенті. Бахтияр Маралұлы 1994 жылы Жараспай орта мектебінің алғаш рет табалдырығын аттап, оқушы атанды. Алғашқы ұстаз Маңғолия елінен «жерім», «елім» деп келген қандасымыз Шаймардан Білгішбайқызы. Шаймардан апай кеп бала тәрбиелеп, «ұлын ұяға, қызын қияға» жеткізген ардақты ана. Алғаш Бахтиярға оңы мен солын үйретіп, білімнің нәрін сеуіп, негізін қалаған ұлағатты ұстаз. Жоғары сыныптарда Бахтиярдың сынып жетекшісі болып, орыс тілі мен орыс әдебиетінен дәріс берген, қазіргі уақытта құрметті еңбек демалысында жүрген ұлағатты ұстаз Мұхамеджанова Сұлшаш Белекбайқызы. Осындай ұстаздардың Бахтиярдың үлкен азамат болып қалыптасуына қосқан үлестері мол деп ойлаймын. Жалпы ұстаздар қауымына ата-анасының тарапынан айтар

алғыстары да зор.

Бахтияр 2003 жылы 9-сыныпты бітіргеннен кейін Қарағанды қаласындағы Талғат Бигельдинов атындағы әскери мектепке оқуға түсіп, сол оқуын 2005 жылы тәмамдады. Жоғары білім алу мақсатында, оқуын әрі қарай жалғастырып, Алматы қаласының Ұлттық Қауіпсіздік комитетінің әскери институтына оқуға түседі. Осы оқуда жүргенде жас курсант өзінің алғырлығымен көзге түсіп, алғыс хатқа және марапаттау грамоталарға ие болды.

2009 жылы 27 тамызда осы институтты бітірген жас маман лейтенант атағына ие болып, қыркүйек айында жолдамамен еңбек жолын бастады. Бүгінгі таңда жас лейтенант Бахтияр Маралұлы Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданында заставка бастығының орынбасары қызметін абыроймен атқарып жүр. Жұмысына тиянақты, елгезек Бахтияр Маралұлы Тәуелсіздігіміздің 18 жылдығы қарсаңында «Шекара қызметінің үздігі» медалімен және ақшалай сыйлықпен марапатталды.

Жырақта жүрген Бахтияр өзінің ғана мәртебесін көтермей, ата-анасының, туған-туыстарының, Жараспай орта мектебінің туын кекке көтеріп, ауылдастарының мақтанышына айналды. Өсіп келе жатқан жас жеткіншектерге үлгі тұтар тұлға болып қалыптасты. Бахтияр Маралұлына қиындығы мен қызығы мол әскери қызметтен де тек қана сәттілік тілеп, бүгінгі лейтенант дәрежесінен де одан әрі көтеріліп, биік белестерге самұрық құстай ұшып, кетеріле берсін деймін.

Бақыттың құшағында ғарышқа шық,  
Тұлпарың ерге шапсын алып қашып.  
Атағың шарықтасын қырдан асып,  
Істерің жүршін дәйім оңға басып!

Алма Қабылдақызы,  
Жараспай ауылы.

Әліппемен қоштасу

Нығман бастауыш мектебінде әдеттегідей дәстүрлі мереке өткізіліп, ата-аналар мен ұстаздар шақырылды. Кезінде Құлтума, Тоқа батыр, ақын бабаларымыз мекен еткен арқа төсінде бүгінде оның ұрпақтары өмір сүріп жатыр. Әрбір қуаныш - ел тұрғындарының игілігіне айналған. Қаймағы бұзылмаған жастардың ұйымшылдығы, жалпы елдің бірлігі ез қалауын табуда. Май топырағында аунап-қунап ескен әрбір бала білімдерін одан әрі жалғастырып, өнер жолында шыңдалуда. Талай сахналық қойылымдар, өн әуендерінің өзегі, өнер жастан деген нақылдар осы қасиетті жерден шыққан. Сол себептен де, Нығман ауылын ән мен жырдың мекеніне айналған. Міне, аға буынның ізіп жалғастыратын ұрпақтары оқушылар алғашқы білім жолында тәрбие алуда. Солардың бірі, бастауыш сынып оқушылары арасында «Әліппе саған мың рахмет!» ойдарындағы ертеңгілік. Ертеңгілікте әліппемен қоштасу барысында, бастауыш сынып маманы, талай шәкірттің алғашқы ұстазы Гүлбаршын Амантайқызы ез шеберлігін дәлелдей білді. Мерекелік жиында өткізу барысында, бар білімге бас



болған әліппе оқулығын қалай меңгергендігі, жазу элементтерінің орындалуы тексеріліп, өз нәтижесін беріп жатты.

Ал, есептеу барысында он келеміндегі сандарды азайту, қосу, үлкен-кішілік белгілерін белгілеу дәрежелері де айтарлықтай.

Баланы оқытуда тәрбие жұмыстарында назардан тыс қалған жоқ. Бастауыш сынып оқушылары 1 сынып тағылармен бірігіп ән айту, мәнерлеп тапқақтар оқу, сөзжұмбақ, сөзжасамдар шешуде өз біліктіліктерін көрсетті. Әсіресе салындағын түрлі рольдегі өнерлері, тамашадан үзінді барлық жиналғандарды ризашылыққа беледі.

Жиын соңында, ата-аналар апайына рахметтерін айтып, әріптестер оқушыларға үздік оқумен баянды бақыт тіледі.

Біз болашақтар үшін барлық жағдайы бірлесіп жасаймыз, олардан күтетін үмітіміз, үздік оқу мен ұлттық тәрбие деңгейі.

Маслихат Қалымжанұлы,  
мектеп меңгерушісі.

Нам пишүү

«В гостях у Снежной Королевы»

С первых дней декабря, в средней школе имени Каипа Шайменова Советом Старшеклассников и ДЮО Болашақ, был составлен план работы и началась бурная подготовка, для проведения новогодних мероприятий.

Работа началась с оформления зала, в котором должны были пройти все праздничные потоки. Зал был щедро усыпан дождями и мишурой. Сцена со стояла из стен дворца Снежной Королевы. В зале была установлена живая елка, которую заботливо приобрел глава нашего села Шахтерское Прокоп Г.Г., так же Георгий Георгиевич является спонсором всех мероприятий проводимых в нашей школе. Были приобретены костюмы для Деда Мороза и Снегурочки, призы для неорганизованных детей и учащихся 1-4 классов за костюмы. Для учащихся 5-11 классов приобрели сладкие призы за активное участие в программе. Одним из постоянных спонсоров является Прокоп Людмила Викторовна, которая приобрела призы и подарки для малышей. Через вашу газету хочется поблагодарить этих людей за весомую помощь в проведении праздника и пожелать крепкого здоровья, успехов в работе.

А теперь хочется рассказать о тех чудесах, которые происходили в эти дни. Учащиеся 1-4 классов побывали «В гостях у сказки». Малыши сами стали участниками этих сказок, потому что Снегурочка, которую похитили Леший и Баба Яга была спрятана в этих сказках. Очень увлекательно было построено это путешествие. Всю программу сопровождали участники танцевального кружка. Были исполнены танцы «Санта Клаусов», «Снежинок», «Танец Цветов». Хотелось отметить учащихся 3 русского класса, которые показали высокий уровень выступления в постановке сценки из сказки «Волк и семеро козлят». Ребята отличились артистизмом и умением воплощаться в своих персонажей. Желаем нашим юным артистам успехов в творчестве.

Учащимися 5-7 классов были подготовлены инсценировки из мультфильмов. Было очень тяжело отметить лучшие номера, потому что все классы были на

высоте. Персонажи таких сказок, как «Белоснежка и семь гномов», «Красная шапочка», «Алдар-Кесе», «Бременские музыканты» сменяли друг друга. Здесь отличились ведущие этого потока: скоморохи, старушки-веселушки, которые отлично справились со своей задачей.

На «Зимний Бал» в дворец Снежной Королевы пригласили учащиеся 8-11 классов. Здесь программа была насыщена и увлекательна. Скоморохи, танцоры, певцы и артисты всего дворца старались развлечь капризную и недовольную Снежную королеву, которой ничего не нравилось. После долгого путешествия по странам мира всемогущий Маг помог всем героям программы попасть в нашу школу и посмотреть увлекательную программу исполненную учащимися СШ им. К. Шайменова. Каждый класс подготовил по одной инсценированной песне с комедийных фильмов Гайдая. На сцене были показаны отрывки из фильмов «Бриллиантовая рука», «Кавказская пленница». Все костюмы участников были подготовлены самими ребятами. Также хочется поблагодарить учителей начальных классов под руководством Тяпышевой О.П., которые подготовили костюмы Санта Клаусов, костюмы цветов для исполнения массовых танцев. В инсценировках участвовали и учителя нашей школы Абишева К.С., Шевченко Л.В., Нидерквель А.А., Акмагамбетова Р.О., которые отличаются артистизмом и талантом. Были исполнены тематические песни в исполнении Какен Ф., песня «Шырша жыры», Серик Ж, песня «Жаңа жыл».

Опять же хочется отметить участников танцевального коллектива «Жұлдыз», которые так украсили наш праздник своими зажигательными и задорными выступлениями. В их исполнении зрители увидели вальс «Щелкунчик», «Елки-иголки», «Течет ручей», «Ритмы 80-х», «На нашей елке...». За эти праздники мы получили такой заряд энергии, и мы надеемся, что нам его хватит до следующего нового года.

Совет Старшеклассников и ДЮО «Болашақ»  
СШ им К Шайменова

« Асқақтаған әуені Әнұранға айналды »

Кешегі күн, Кеңес кезі, шындықты
айтпай қорлаған,
Әлемнен де оқшаулатын, тұмшалаған
торлаған
Көп рахмет айтамыз біз, ұстаздарға
ұлтжанды,

Осыайтаны қажетті тарихымызға арнаған
Біздің тарих басталады санау ықылым
заманнан,

Кейбір қымбат жәдігерлер табылды
ғой даламнан.

Жазбаларың өртенсе де, от құшса
да Отырар.

Айналайын ата – бабам, компьютердей
санаңнан.

Ал, бүгінде, қоғам басқа,
18 жылда жаңарған

Бізге жаққан күйе-дағы, қара
дақтар, ағарған.

Біздің тарих – қалың тарих,
түпсіз терең тұңғық.

Оқып көрген «көрауыздар»
дауласуды доғарған.

Тәуелсіздігіміздің 18 жылдағы қарсаңында, яғни 7-12 желтоқсан аралығында Жараспай орта мектебінде қоғамдық пәндер апталығы өтті :

Тарих деген - өткен өмір,
Бүгін менен ертеңіміз!

Зердемізге тоқығанды,
Осы аптада шертеміз біз! – деп бірлестіктің ұстаздары өздерінің жұмыстарың белгіленген жоспар бойынша бастады. Олар : қоғамдық пәндер бірлестігінің жетекшісі тарихшы Аманбекова Балхаш Сатыбалдықызы, химия және биология пәнінің мұғалімі Жүніс Жанна Бейбітшілікқызы, география пәнінің мұғалімі Момбекова Назира Шапайқызы, психолог маман Аманов Темірболат Хайдарұлы, мектептегі «Үміткер» ұйымының жетекшісі Жұмабекова Гүлбаршын Әбілқасымқызы. Дүйсенбі күні апталықтың ашылу салтанаты болды. Сейсенбі күні 5-6 сыныптарда Момбекова Назира Шапайқызы ойын сағатын өткізді. Аманбеков Темірболат Хайдарұлы 5 сыныпта « Мейірімділік » апты тақырыпта тренинг өткізді. «Ата жұрт» тақырыбында 5 сыныпта тарихтан сайыс сабағы жүргізілді.

Оқушылар өз білімдерін барынша көрсете білді. Сәрсенбі күні Жанна Бейбітшілікқызы 10 сыныпта химиядан ашық сабағын өткізді және « Не? Қайда? Қашан?» брейн – рингті жүргізді.

Тарих пәні бойынша ойын сағаты « Интеллектуалдық олимпиада » болды. Назира Шапайқызы 7 сыныпта « Еуразия материгі » тақырыбында ашық сабақ берді. Бейсенбі күні 9-10 сынып оқушылары «Дипломмен ауылға» дебат сабағын жеңары тұрғыда өткізеді. Оқушылар өздерінің пікірлерін, көзқарастарын ашып айтып, сабақты жандандыра түсті. Жұма күні Балхаш Сатанқызы 5 сыныпта « Ежелгі түркілер » атты ашық сабағын өткізді. Бұл апталықта оқушылар мен ұстаздар қызу жұмыс жасап, тарих пәнінен білімдерін жетілдіріп, ерекше тұрғыдан көріне білді. Апталықты қорытындылай келе, композитор Шәмші Қалдаяқовқа арнап «Асқақтаған әуені Әнұранға айналды» - тақырыбындағы Шәмші әндерінің кешінің шымылдығын ашты. Кешті мектеп басшысы Ғайнулла Сұлтанұлы құттықтау сөзімен бастады.

Балхаш Сатыбалдықызы бүгінгі кеш ерекше және шаттыққа толы, еліміздің Тәуелсіздік алғанына 18 жыл толып отырғанын айтып өтті.

Бастаймыз біз енді міне, өнер кешін
Көңілімізге қондырып өн еркесін!

Әні тірі ағаның – жаны тірі,
Аралап жүр қазақтың кең өлкесін!

«Вальстің падишасы – қазақтың бір туар перзенті, сазгер Шәмші Қалдаяқұлына арналған кеш сәнді де мәнді безендірілген. Ағаның әндеріне арнап жасалған буклеттер « Шәмші аға, Әнұран боп шырқалдың сен? », «Шәмші қазақтың бағына туған дарын» атты қанаттф сөздер жазылып, шарлармен көркемделген.

Дарын едің алдына жан салмаған,
Ұлт сезімін арқалаудан талмаған

Отырардың еңкеймеген рухтарын,
Өр қазаққа өн арқылы жалғаған

Өр адамның өмірі секілді әр өннен шығу тарихы бар емес пе? «Менің Қазақстаным» Ақмоланы, «Целиноград» атал, осы жақтағы бес облысты бір өлке етіп оны Ресейге бермекші болып жүрген кезде жазылған. Қазақ жері белшектенгелі жатқанда оның асқақтығын жырлайтып өн қажет болды.

«Менің Қазақстаным»-әні 1956 жылы Алматыда осылай туды. Сөзін Жүмекен Нәжімеденов жазып, ал енді тұңғыш рет радчоода Жамал Омарова орындады.

Сенің сөзін заман үшін бағалы,
Сенің өңің асқақ шықса,

Менің даңқым жоғары
Сондықтан да жалың болсын!

«Менің Қазақстаным» - сенің өңің,
Қай кезеңде де,

Қоғам үшін бағалы – дей отырып, бүгінгі кешке қатысушы өнерпаздар «Менің Қазақстаным» - әнінің алғашқы нұсқасын көрермендерге ұсынды. Хазирова Мелдір мен Қуаныш Зарина « Ән аға, немесе шәмшімен сырласу » өнен нақышына кел-

тіре орындады.

Шәмші аға барлық қазақ баласының атынан өз аналарына арнап жазғандай өн сыйлаған жан. Ол «Ана туралы жыр» Ұлылардың бәрі де Анаға көңіл белмей, айналып өткен емес.

Ананы ұмыту Алланы ұмытумен бірдей болар еді. Шәмші аға да өз анасына арнап өннен мәңгілік ескерткіш орнатты. 11 сынып оқушысы Олжабай Ерназбен 9 сынып оқушысы Серік Қарағөз «Ана туралы жыр» әнін қосыла орындап, қошеметке иеленді.

Әнсіз өмір өмір ме, қаңсымай ма?
Өзегіңді ертеп дерт, жаншымай ма? – дегендей 9 сынып оқушылары Райсбек Әлия мен Бөлекбай Ризагүл «Әнім сен едің» әнін тамылжыта орындады. 9 сынып оқушылары Хазирова Мерей мен Сейілхан Надира ағаның жеріне деген сағынышынан туындаған «Сыр сұлуы» әнін көрерменге сыйлады.

Қайда жүр деп танысы,
Алаңдайды Арысы,

Тоқындары Каспийдің-
Шәмші ағаның вальсі, - деп 8 сынып оқушысы Толлеутай Диана «Арыс жағасында» әнінасақатта орындады. Ән кешіне қатысушылардың ішіндегі ең жас өнші 3 сынып оқушысы Толықбаев Азамат пен 10 шы сынып оқушысы Қуаныш Зарина «Ақ бантик» әнін орындағанда көрермендер өздерінің ризашылықтарын қашеметтен білдірді. 9 сынып оқушылары Ғаббасова Әйгерім мен Сейілхан Надира «Бақыт құшағында» әнімен тыңдармандарын баурап алды. 7 сынып оқушылары Идрисова Ардақпен Елтай Ақниет «Қайдасың» атты өнімен көптің көңілінен шыға білді. 11 сынып оқушылары Олжабай Ерназ бен Төлеубаев Мирас « Сыған серенадасын» төгілте орындады. 8 сынып оқушысы Төлеутай Диана «Ақ Ерке – Ақ Жайық» әнін сыйға тартты.

Сол күндер ғой жүректің аңсағаны,
Соған шөлдеп өмірім тамсанады.

Өкініш пе білмеймін қуаныш па?
«Өмір - өзен» - деп жүрегім өн салады – деп Сейілхан Алтын мен Тасымова Мелдір «Өмір - өзен» әнін орындады. Бар қазақты тамсандырған, Таңнан таңға өн салдырған

«Кешікпей келемін» - деп,
Өзін өнмен қарсы алдырған дегендей 7 сынып оқушысы Бинаят Мейірбек «Кешікпей келем деп ең» әнін көрерменге ұсынады.

Ал 10 сынып оқушылары Елтай Жанарыс, Қуаныш Зарина, Хазирова Мелдір, «Қуаныш вальсі» әнін қосыла орындады. Бишілер тобы да өздерінің мың бұралған билерімен кешті сөндендіре түсті 10 сынып оқушысы Рыспаева Айнұр да тойға құр алақан келмегенін білдірді. Өзінің оң бойынан туындаған ойларын елең жолдарымен ернектей білді:

Шәмші – ағаға
Талайдың орын алған жүрегінен

Талайды таң қалдырған әуенімен
Ұрпаққа асыл мұра тастап кеткен,

Шәмші аға Әнұран боп шырқалдың аен!
Тұған жерді жыр еткен қосып өңге

Шәмші өн арнамаған бар ма өлке?
Сұлу Көкше, Байқоңыр, Талдықорған,

Арыс бойы, сыр сұлуын жырға қосқан.
Шәмші аға, сен дарысың, данасын да,

Жырға қосқан ардақты анасың да
Тіріде сен көрмедің құрмет, рахат,

Бүгінде өн-ағаны жүрміз мақтап.
Есімің жадымызда жатталады,

Әуенің мәңгі-бақи сақталады.
Өтсе де қанша уақыт, небір заман

Шәмші аға Әнұран боп шырқалады!
Айнұрдың қауырсын қаламынан туындаған осы жыр-шумақтарына көрермендер өте риза болады

Бүгін міне, Шәмші аға!
Егеменді елімізде,

Асқақтаған әуенің,
Әнұранға айналды – деп, кештің соңында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны орындалды. Осы кештің ұйымдастырушысы, ұлағатты ұстаз, терең тарихшы маман, қоғамдық пәндер бірлестігінің жетекшісі. Балхаш Сатыбалдықызы сөз кезегін алып, өзінің өкіріні тұжырымдан, көрерменге деген көңілін білдірді. Және бүгінгі кешкеат салысып көмек көрсеткен өріптестері мен шәкірттеріне алғысын жеткізді. Мектептің тәрбие ісінің меңгерушісі Балкенова Гүлзада Рықымжанқызы бүгінгі кештің мазмұндылығы мен мәнділігін, Шәмші ағаның әуендерінің құдіреттілігін айта отырып, өз тарапынан және мектеп әкімшілігінің атынан өнерпаздарға, ұйымдастырушы ұстаздарға алғыстарын айтты. Келген көрермендер де керемет бір тынығып, өз үлестерін қосып, арасындағы өнші апайлар да сазды әуендерімен Шәмші әндерін орындап, кештен көп әсер алып қайты.

Еліміздің Тәуелсіздік мерекесінің 18 жылдағы қарсынында болып өткен Шәмші Ағаның өн кеші Жараспайлықтарға сыршыл да көусөз саздың құдіреттілігін сыйлады. Қазақтың өз жүрегінен шыққан Әнұраны өлемді шарықтап, самғай берсін! Әманда елімізге құт-береке әкелсін!

Алма Қабылдақызы
Жараспай орта мектебі.

Оқушылар шығармашылығынан

Туған жер

Туып-өскен мекенім, менің өлкем,
Қайсыбір сырларыңды сенің шертем ?!

Суың да, ой мен қыр, әр бұтағың-
Бәрі маған ыстық-ақ, бәрі керкем.

Сағынамын кетсем сенен алысқа,
Қуанамын жетсең егер табысқа.

Намысымды еш бермеуге тырысам,
Түсіп жатсам небір үлкен жарысқа.

Ең қымбат жер сенсің жердің бетінде,
Сенде туып, сенде өсіп жетілгем.

Бір ерекше сезім билейді жанымды,
Самал желің соғып өтсе бетімнен.

Бір өзінсің мақтанышым, айбыным!
Басыңа еш үйірілмесім қайғы-мұң.

Сенде өткізген бір сәтімге тең келмес
Кең дүниенің ешбір алтын, байлығы.

Саған деген жүрегімде орын кең,
Тағдыр жібім өзіңменен ерілген.

Кең жеріңнен берсең жетер бір қуыс,
Маған орын қажеті жоқ төріңнен!

Изәндім, Нұрлы Нұрам, асыл өлкем,
Өзіңе бала кезден ғашық еркең!

Жүрегімің белшегі сенде болар,
Қай жерде қалса дағы басым ертең!

Сөзімді өлеңмен өрнектеп ем,
Жеткізуге оны бірақ, сөз жетпеген.

Жеті рет дүниені шарласам да,
Тұған жерге, сірә да, жер жетпеген!

Сүлейменова Айсұлу
11-сынып оқушысы Нұра орта мектебі

Изәнді ауылы

Жұттық тағамыз!

Көбетей ауылының тұрғыны, мейірімді әжеміз, туған – туыстарына жанашыр, ақылшы Жексембина Тәттіні 85 жасқа келген мерейтойымен құттықтаймыз! Аулы әжемізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, тілей отырып, мына өлең жолдарын өзіңізге арнаймыз!

Құтты болсын 85 деген жасыңыз,
Ырыс қонып, тасқын судай тасыңыз.
Балаларының қызығын тамашалап,
Жайраң қағып, 100-ден де ері асыңыз!



Кең болсын әрқашан да керегеңіз,
Көбейсін немереңіз, шөбереңіз.
85- деген немене, біз тұрғанда,
Ауру менен сырқауды елеменіз.

Сізді Тәңір әр жыл сайын жасартып,
Сізге Тәңір бақ сыйласын демекпіз!

Ізгі ниетпен: Марат, Мадияр, Айнұр және жиендері № 41

Ақмешіт ауылының тұрғыны, аяулы Ана, ардақты әже Тілеулес Туркенованы 60 жасқа толған торқалы тойымен шын жүректен құттықтаймыз.



Жан – Ана бізді ешкімге теңгермейтін,
Өмірде бар бақытым сендер дейтін.
Түссе де басқа талай сын сағаттар,
Жайдары мінезінен өзгермейтін.

Ұл-қыздың құрметіне белене бер,
Әкелсін нелер қызық немерелер.
Жаратқан ұзақ-ғұмыр нәсіп етсін –
Әлі талай той келе берер.

Ігі тілекпен : балалары – Ардақ – Бибінұр,
Талғат – Салтанат, Айгүл, Салтанат, немерелері –
Лаура, Диас, Мирас, Ділназ, Санжар № 32

Поздравляю!

С днем рождения Губерт Викторю
с.К.Мынбаева

Самой красивой девочке –
Солнца и звезд сияние!
Самой любимой девочке-
Лучшие пожелания!
Это лучший день
Для поздравлений, добрых слов
Пусть вся жизнь
Счастливогой, яркой будет
И прекрасной, как букет цветов.



С поздравлением : Дедушка, бабушка, папа, мама и тетя Тамара № 31

Жаназаға қатысты қосымша сұрақ-жауаптар

Сұрақ: Исламда мәйіт жатқан белмеге шырақ жағып қою бар ма?

Жауап: Мәйіт жатқан белмеге шырақ жағып қою дұрыс емес.

Сұрақ: Өлген кісінің жаназасы шығарылғанға дейін түнде қасында бірнеше адам таңға дейін ұйықтамай күзетіп отыру дұрыс па?

Жауап: Жоқ. Оны шариғатымыз бұйырмаған.

Сұрақ: Мәйітті жууға неше адам түседі және мәйітті қандай иіс сумен жууға болады? Көбінге қалампыр үгітіп салу шарт па?

Жауап: Мәйітті жууда шариғат бойынша жуушылардың саны шарт емес. Шамасы келсе бір кісінің де жууына болады. Алайда кемекшілердің болғаны жақсырақ. Сондай-ақ сүйекке құда-жеюкат, туыстарынан түсемін деушілер болса оған шариғат қарсы емес. Шариғат бойынша мәйітті жуу – парыз. Мәйіт иіс май қосылмай таза сумен жуылса да парыз орындалған болып саналады. Бірақ мәйітті үшінші рет жуғанда суға иіс май қосу – мустахаб. Ал қалампыр немесе басқа нәрселер көбінге қоса оралмайды.

Сұрақ: Егер мәйіт қос жынысты, яғни хунса болса, оны кімдер жууға тиіс? Ерлер ме, әйелдер ме?

Жауап: Балағат жасына жеткен әйелдік және еректекті жынысы бар (хунса мушкил) адамды әйелдер де еректер де жумайды. Жабылған күйде тәйеммүм алдырылады. Көбіндері ықтияттық тұрғысынан әйелдерді секілді бес қажат болғаны жөн. Үш қабат болған жағдайда да жарамды.

Сұрақ: Мәйітті жуындырып, көбендеп болған соң үйден басымен, әлде аяғымен шығару керек пе?

Жауап: Мәйітті жуындырып, көбіндеп болған соң үйден басымен яки аяғымен шығару керек деген шариғаттың талабы жоқ. Мәйітті үйдің ыңғайына қарай басымен яки аяғымен де шығара беруге болады.

Сұрақ: Сүннеттелмеген мұсылманның жерлеу рәсімі өзге мұсылмандарды жерлегеннен өзгеше бола ма?

Жауап: Жоқ.

Сұрақ: Табыттағы мәйітті көлікке салғанша жерге үш рет қою және үстіне шай, нан тағамдарын қойып, басынан айналдыру қажет пе? (дұрыс па?)

Жауап: Бұлар дінде жоқ, адамдар тарапынан ойдан шығарылған амалдар.

Сұрақ: Мәйітті жуындырып көбіндеп болған соң үйден басымен, әлде аяғымен шығару керек пе?

Жауап: Мәйітті жуындырып, көбіндеп болған соң үйден басымен яки аяғымен шығару керек деген шариғаттың талабы жоқ. Мәйітті үйдің ыңғайына қарай басымен яки аяғымен де шығара беруге болады.

Сұрақ: Сүннеттелмеген мұсылманның жерлеу рәсімі өзге мұсылмандарды жерлегеннен өзгеше бола ма?

Жауап: Жоқ.

Сұрақ: Табыттағы мәйітті көлікке салғанша жерге үш рет қою және үстіне шай, нан тағамдарын қойып, басынан айналдыру қажет пе? (дұрыс па?)

Жауап: Бұлар дінде жоқ, адамдар тарапынан ойдан шығарылған амалдар.

Сұрақ: Мәйітті жуындырып көбіндеп болған соң үйден басымен, әлде аяғымен шығару керек пе?

Жауап: Мәйітті жуындырып, көбіндеп болған соң үйден басымен яки аяғымен шығару керек деген шариғаттың талабы жоқ. Мәйітті үйдің ыңғайына қарай басымен яки аяғымен де шығара беруге болады.

Сұрақ: Сүннеттелмеген мұсылманның жерлеу рәсімі өзге мұсылмандарды жерлегеннен өзгеше бола ма?

Жауап: Жоқ.

Сұрақ: Табыттағы мәйітті көлікке салғанша жерге үш рет қою және үстіне шай, нан тағамдарын қойып, басынан айналдыру қажет пе? (дұрыс па?)

Жауап: Бұлар дінде жоқ, адамдар тарапынан ойдан шығарылған амалдар.

Сұрақ: Мәйітті жуындырып көбіндеп болған соң үйден басымен, әлде аяғымен шығару керек пе?

Жауап: Мәйітті жуындырып, көбіндеп болған соң үйден басымен яки аяғымен шығару керек деген шариғаттың талабы жоқ. Мәйітті үйдің ыңғайына қарай басымен яки аяғымен де шығара беруге болады.

Сұрақ: Сүннеттелмеген мұсылманның жерлеу рәсімі өзге мұсылмандарды жерлегеннен өзгеше бола ма?

Жауап: Жоқ.

Сұрақ: Табыттағы мәйітті көлікке салғанша жерге үш рет қою және үстіне шай, нан тағамдарын қойып, басынан айналдыру қажет пе? (дұрыс па?)

Жауап: Бұлар дінде жоқ, адамдар тарапынан ойдан шығарылған амалдар.

Сұрақ: Мәйітті жуындырып көбіндеп болған соң үйден басымен, әлде аяғымен шығару керек пе?

Жауап: Мәйітті жуындырып, көбіндеп болған соң үйден басымен яки аяғымен шығару керек деген шариғаттың талабы жоқ. Мәйітті үйдің ыңғайына қарай басымен яки аяғымен де шығара беруге болады.

Жауап: Мәйітті жуындырып, көбіндеп болған соң үйден басымен яки аяғымен шығару керек деген шариғаттың талабы жоқ. Мәйітті үйдің ыңғайына қарай басымен яки аяғымен де шығара беруге болады.

Сұрақ: Кейбір жерлерде жаназа намазы сейсенбі күніне келіп қалса, намазды түс ауа оқу әдетке айналған. Бұған шариғатта негіз бар ма?

Жауап: Негіз жоқ.

Сұрақ: Өмірінде намаз оқымаған адамның жаназасы шығарыла ма?

Жауап: Ол мұсылман болса жаназасы оқылады.

Сұрақ: Шошқа баққан немесе оның етін сатқан адамдар өлсе, оған жаназа намазы оқыла ма?

Жауап: Доңыз етін сатқан оны баққан кісі де шариғат бойынша күнаһар. Бірақ ол діннен шықпайды. Сол себепті ондай кісі дүниеден өткенде жаназасы оқылады.

Сұрақ: Өзге дін өкілдеріне тұрмысқа шығып қайтыс болған мұсылманға жаназа намазы шығарыла ма?

Жауап: Өзін мұсылман санайтын әйелдің өзге дін өкілдеріне тұрмысқа шығуы харам. Алла Тағала Құран Көрімде «Мүшірік әйелдерге иман келтіргенге дейін үйленбедер. Сендерге ұнаса да азат мүшкір әйелден мүмін күң артық. Және иман келтіргенге дейін мүшірік ерге мүмін әйелдерді де тұрмысқа шығармандар...» деген («Бақара» сүресі, 221-аят).

Өзге дін өкіліне мұсылман қыздың тұрмысқа шығуы үлкен күне. Алайда, ондай әйел егер өзге дінді қабылдамай өз дінінде қалған болса, яғни мұсылман боп жан тәсілімі өтсе, жаназасы шығарылады.

Сұрақ: Мәйітті жуғанда қолданылған медициналық қолғаптар мен алжапқыш (фартук) т.б. заттарды не істеу қажет?

Жауап: Медициналық қолғаптарды қоқысқа тастау қажет. Алжапқышты тазартып жуғаннан кейін қайта қолданса болады.

Сұрақ: Мәйітке жаназа қай уақытта оқылады?

Жауап: Жаназа намазы мекрүһ уақыттан басқа уақытта-күндіз болсын

Қарағанды облысы Нұра ауданының білім беру, дене шынықтыру және спорт бөлімі әкімшілік мемлекеттік лауазымының бос орындарына орналасуға конкурс жариялайды

Үміткерлерге қойылатын жалпы біліктілік талаптар:  
E-R-5 санаты үшін. Білімі - жоғары немесе орта кәсіптік.  
Санат Қызмет өткерген жылдарына байланысты жалақысы (теңге)  
бастап дейін  
E-R-5 30749 41787

Адрес: 100900 Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Киевка кенті, Тәуелсіздік көшесі, 41 үй. Анықтама телефондары: тел: 21628, 21898, 21132

1. Дене шынықтыру және спорт жөніндегі жетекші маман - 1 бірлік. (E-R-5 санаты) №7

Функционалдық міндеттері:

